ЖШС «Бөбек KIDS»
БИН 220640009436
БҚО, Орал қ.,
Отаралы Бүркітов, 1
87078845241

«БӨБЕК KIDS» және бөбекжай

ТОО «Бөбек KIDS»
БИН 220640009436
ЗКО, г.Уральск
Отаралы Буркитов, 1
87078845241

**БҰЙРЫҚ**

*«30» «тамыз» 2024ж* №3

**Бөбекжайда қамқоршылық кеңес құру туралы**

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» Заңының 44-бабының 9-тармағына және ҚР Білім және ғылым министрлігінің «Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» 2017 жылғы 27 шілдедегі №355 бұйрығына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларының 2-тарау, 5 – тармағына сәйкес «Бөбек kids» және бөбекжайында 2024-2025 оқу жылына қамқоршылық кеңес жұмысы ұйымдастырылсын.
2. Қамқоршылық кеңес жұмысының жоспары құрылып, бекітілсін.
3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау өзіме қалдырамын.

**Бөбекжай меңгерушісі** **Г.М.Айткалиева**

Бекітемін
«Бөбек kids» жеке бөбекжай
меңгерушісі Г.М.Айтқалиева

**«Бөбек kids» жеке бөбекжайының Қамқоршылық кеңесінің 2024-2025 оқу жылына арналған жұмыс жоспары**

| № | Жұмыс бағыты | Мерзімі | Жауапты |
|---|---|---|---|
| 1 | **Қамқоршылық кеңесінің №1 отырысы**<br>1. 2024-2025 оқу жылына арналған қамқоршылық кеңестің жұмыс жоспарын бекіту<br>2. Бөбекжай жарғысымен таныстыру | Қыркүйек | Кеңес мүшелері |
| 2 | **Қамқоршылық кеңесінің №2 отырысы**<br>Бөбекжайдағы тамақтану туралы | Қараша | Кеңес мүшелері |
| 3 | **Қамқоршылық кеңесінің №3 отырысы**<br>1. Балалардың денсаулығын нығайту әр түрлі шараларды тексеру<br>2. «Дұрыс тамақтану – денсаулықтың кепілі» балалардың тамақтануын қадағалау | Ақпан | Кеңес мүшелері |
| 4 | **Қамқоршылық кеңесінің №4 отырысы**<br>Балалардың жаз кезіндегі сауықтыру іс шараларын ұйымдастыру<br>Жазғы сауықтыру кезеңінде саяхаттар ұйымдастыру<br>Қамқоршылық кеңес жұмысының есебі | Мамыр | Кеңес мүшелері |

«Бөбек kids» жеке бөбекжайы

**Қамқоршылық кеңесінің құрамы (2024-2025 оқу жылы)**

| № | Аты – жөні | Лауазымы | Қамқоршылық кеңесіндегі лауазымы |
|---|---|---|---|
| 1 | Айткалиева Гульнара Максутовна | Меңгеруші | Төрайымы |
| 2 | Туманбаева Самал Аскаровна | Ата – ана (Айналайын тобы) | Мүшесі |
| 3 | Садыкова Жансая Темирбековна | Ата – ана (Еркем-ай тобы ) | Мүшесі |
| 4 | Бисегалиева Айда Бекбулатовна | Ата – ана (Айналайын тобы ) | Мүшесі |
| 5 | Әубекер АрайлымНұрлыбекқызы | Әдіскер | Хатшы |

ЖШС «Бөбек kids» «Бөбек kids» жеке бөбекжайының қамқоршылық кеңесі отырысының

№1 ХАТТАМАСЫ

**Өткізілген күні:** 04.09.2024ж

Өткізілген орны: «Бөбек kids» жеке бөбекжайы

Қатысқандар: Бөбекжай меңгерушісі Г.М.Айтқалиева, Қамқоршылық кеңес мүшелері.

**Күн тәртібінде**

1. 2024-2025 оқу жылына арналған қамқоршылық кеңестің жұмыс жоспарын бекіту
2. Бөбекжай жарғысымен таныстыру

**Тыңдалды:**

Күн тәртібінің бірінші мәселесі бойынша Қамқоршылық кеңесінің жұмыс жоспары талқыланды. «Бөбек kids» жеке бөбекжайының меңгерушісі Г.М.Айтқалиева қамқоршылық кеңесінің жұмыс жоспарына бөбекжайдағы мемлекеттік қызмет көрсетуді (балаларды бөбекжайға қабылдау), тамақтануды ұйымдастыру , бөбекжайдағы білім беру қызметтің сапасы сияқты сәселелерді қоса болатыны жайлы ұсыныс айтты. Қамқоршылық кеңес мүшелері жұмыс жоспарының жобасын талқылап, өз ойларын ортаға салды. 2024-2025 оқу жылында үш отырс өткізіледі шешті. 2024-2025 оқу жылына арналған бөбекжайдың жұмыс жоспарымен, қойылатын мақсат- міндеттерімен таныcу мәселелері қаралатын болса, одан кейінгі отырыстарда тамақтануды ұйымдастыруды бақылау, бөбекжайда жүргізілетін науқастанудың алдын алу және сауықтыру шаралары бойынша жұмыстармен танысу, бала құқығының қорғалу жағдайы бойынша атқарылып жатқан жұмыстармен танысу, түзету – дамыту жұмыстарының барысы, жағы сауықтыру мезгіліндегі іс шараларды бірлесе өткізуді жоспарлау., қамқоршылық кеңесінің атқарған жұмыстары жайлы есеп беру сияқты мәселелер қарастырылатын болды. Қамқоршылық кеңесінің мүшелері осы мәселелер бойынша жоспардың бекітіліне келісті.

Екінші мәселе бойынша: бөбекжай жарғысымен қысқаша таныстырылып өтті, мектеп жасына дейінгі балалардың дене және психологиялық саулығын қорғау және нығайту, оларды салауатты өмір салтына тарту. Тәрбиеленушілердің ата-аналарымен бірігіп жұмыс істеу. Білім беру бағдарламаларын меңгеру үшін жағдай жасау. Ұйымдастырылған іс-әрекеттер кестесі мектеп жасына дейінгі балалардың жас кезеңдеріне сәйкес келеді және базистік жоспарға сәйкес дайындалады.

**Шешім:**

1. Қамқоршылық кеңесінің жұмыс жонары бекітіліп, жоспарға сәйкес жұмыстар жүргізілсін.

Кеңес төрағасы: Г.М.Айтқалиева

Кеңес хатшысы: А.Н.Әубекер

ЖШС «Бөбек kids» «Бөбек kids» жеке бөбекжайының қамқоршылық кеңесі отырысының

## №2 ХАТТАМАСЫ

Өткізілген күні: 20.11.2024ж

Өткізілген орны: «Бөбек kids» жеке бөбекжайы

Қатысқандар: Бөбекжай меңгерушісі Г.М.Айткалиева, Қамқоршылық кеңес мүшелері:

**Күн тәртібінде**

1. Тамақтану сапасын ұйымдастыруды бақылау
2. Бракераждық комиссиясымен бірлескен түрде бөбекжай асханасының тағамдарының сапасын тексеруге қатысу

Бөбекжайдағы тамақтану туралы

Тыңдалды:

Бөбекжай меңгерушісі Г.М.Айткалиева бөбекжайдағы тамақтану және оның сапасы туралы айтып өтті. Тамақтану – баланың физиологиялық және психологиялық өсу үдерісінің қалыпты, дұрыс өсуін қамтамасыз ететін маңызды факторлардың бірі. Тамақ сапасын төмендеуі бала ағзасының қорғау – бейімдеу механизм деңгейінің төмендеуіне әкеліп соғады және аллергиялық әрекеттің өсуіне мүмкіндік туғызады. Сондай-ақ ас қорыту ағзасының ауруына себепші болады. Сондықтан да біздің бөбекжайда тамақ сапасына ерекше көңіл бөлінеді. Біздің мекемеде тамақты ұйымдастырудың негізгі принциптері мыналар

- Тамақ мөлшерін энергетикалық құндылықтары балалардың энергетикалық шығындарына сәйкес келеді.
- Тамақ мөлшеріндегі барлық ауыстырылатын және ауыстыруға болмайтын азық – түліктер теңдестірілген.
- Тамақ мөлшерінің теңдестірілуін қамтамасыз ететін азық түліктер мен тамақтардың көптеген түрлері
- Азық түліктердің технологиялық және аспаздық дұрыс өңделуі, олардың тамақ құндылықтарының бастапқы қалпын сақтауға бағытталған, сондай – ақ тағам дәмінің жоғарғы сапасы.
- Үйлесімді тамақтану тәртібі, айналадағы жағдай балалардың тамақтану мәдениетін дағдыландыруға себепші болады.
- Тамақтануға деген гигиеналық талаптарды сақтау (тамақтану қауіпсіздігі)

Сөйлеушіге сұрақ: Балалар күніне неше рет тамақтанады?

Жауап: балалар уақытылы төрт рет тамақтанады.

Бракераждық комиссиямен бірлескен түрде бөбекжай асханасының тағамдарын сапасын тексеруге қатысу.

Екінші мәселе бойынша қамқоршылық кеңестің төрайымы бөбекжай асханасының сапасын тексеруге қатысу жөнінде айтып өтті.

Бөбекжайда дұрыс тамақтану негізі – ҚР Үкіметінің қаулысымен бекітілген нормалар. Қазақстандағы бөбекжайларға арналған жас ерекшеліктеріне байланысты мәзір құрылады. Тамақтану ережесі, тамақтану нормалары, меню тексеріледі. Бөбекжайда төрт мезгіл баланы тамақтандырады. Балаларға жас ерекшеліктеріне сай нормамен порциялар беріледі. Таңғы ас – сүтке піскен ботқалары: сұлы, күріш, қарақұмық, бидай макарон өнімдерінен көже. Ботқалар жұмыртқа, ірімшік өнімдерімен ауыстырылып отырады. Сусын ретінде итмұрын шәйі, жемістер шәйі, лимон қосылған шәй мен сыр бутерброды. Екінші таңғы ас 10:00 ден бастап 11:00 ге дейін балаларға жемістер немесе жеміс шырыны беріледі. Түскі ас – өсімдік майы қосылған балғын көкөністерден түрлі салаттар. Бірінші ыстық тағам – щи, борщ, көкөніс көжесі, балық сорпасы, жарма немесе макарон өнімдері қосылған көжелер. Екінші тағам – гарнирмен ет, балық, тауық. Үшінші тағам – балғын жемістерден, кепкен көкөністерден компот, табиғи жидектерден кисель. Бесінгі ас – сүт, шырын, какао, печенье, кондитерлік өнімдер, тоқаштар.

Тамақты сақтау және дайындау үрдісінде және ас үйге деген санитарлық – гигиеналық талаптарды қатаң түрде сақтау балалардың тамақтарын дұрыс ұйымдастыру үшін маңызды. Бөбекжайға келіп түсетін барлық азық – түліктер санитрарлық ережелерге сәйкес санитарлық – эпидемиологиялық қорытындылары бар.

**Қабылданған қаулы :**

1. Жоспарға сәйкес қамқоршылық кеңес отырысы жүйелі өткізілсін.
2. Бракераждық комиссиямен бірлескен түрде бөбекжай асханасының тағамдарын тексеру, жоспарға сәйкес жылына екі рет жүргізілген.

Кеңес төрағасы: Г.М.Айтқалиева

Кеңес хатшысы: А.Н.Әубекер

ЖШС «Бөбек kids» «Бөбек kids» жеке бөбекжайының қамқоршылық кеңесі отырысының

## №3 ХАТТАМАСЫ

Өткізілген күні: 19.02.2025ж

Өткізілген орны: «Бөбек kids» жеке бөбекжайы

**Қатысқандар:** Бөбекжай меңгерушісі Г.М.Айтқалиева, Қамқоршылық кеңес мүшелері:

**Күн тәртібінде**

1. Балалардың денсаулығын нығайту әр түрлі шараларды тексеру
2. «Дұрыс тамақтану – денсаулықтың кепілі» балалардың тамақтануын қадағалау

Тыңдалды

Бірінші мәселе бойынша: қамқоршылық кеңесінің мүшелері медбике Б.Гумаровамен бірге бөбекжай асханасына кіріп, азық-түліктің сақталу қоймасын, ондағы азық-түліктің сақталуын қадағалады. Асхананың ас дайындайтын зоналармен танысты. Астың дайындалу барысын, дайын астың топтарға таратылуы мен берілуін бақылады. Сол күнгі ас мәзіріне сәйкес дайын астың сапасын көрді. Бөбекжайдың 10 күндік меню калькуляциямен танысты. Екінші мәселе бойынша: бөбекжай медбикесі Б.Гумарова бөбекжайда науқастанудың алдын алу мен сауықтыру шаралары бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстар бойынша презентация көрсетті. Бөбекжайда ай сайын тәрбиеленушілердің науқастануы бойынша талдау жасалынып отыратынын айтты. Ата – аналар үшін жадынамалар топтарда бұрышында ілініп, қажет жағдайда жекелеген балалардың ата-аналарына кеңес, ұсыныстар беру жұмыстары да ж.ргізіліп отыратынын айтты.

Шешім:

1. Бөбекжайдағы тамақтануды ұйымдастыру өз деңгейінде деп есептелінсін.
2. Бөбекжайдағы тәрбиеленушілердің науқастануын алдын алу және сауықтыру шараларын әрі жетілдіру ұсынылсын.

Кеңес төрағасы: Г.М.Айтқалиева

Кеңес хатшысы: А.И.Әубекер

ЖШС «Бөбек kids» «Бөбек kids» жеке бөбекжайының қамқоршылық кеңесі отырысының

№4 ХАТТАМАСЫ

Өткізілген күні: 28.05.2025ж

Қатысқандар: Бөбекжай меңгерушісі Г.М.Айткалиева, Қамқоршылық кеңес мүшелері.

**Күн тәртібінде**

1. Балалардың жаз кезіндегі сауықтыру іс шараларын ұйымдастыру
2. Жазғы сауықтыру кезеңінде саяхаттар ұйымдастыру
3. Қамқоршылық кеңес жұмысының есебі

**Тыңдалды:**

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша бөбекжай медбикесі Б.Гумарова жазғы сауықтыру мезгілінде бөбекжайда жүргізілетін шынықтыру шаралары жайлы хабарлама жасады. Ол өз хабарламасында күнмен ауамен шынықтыру түрлерін атап көрсетті. Жазғы уақытта бала ағзасын шынықтыруға қолайлы уақыт екен атап өтті. Таза ауадағы серуен кезінде бала ағзасы күнмен шынығатынын, таза ауадағы таңертеңгі жаттығулар, таза ауадағы серуен, қимылды ойындар баланың ауамен шынығуына мүмкіндік беретінін айтты. Шынықтыру шараларын жүргізу әдістемесіне тоқталды.

Екінші мәселе бойынша: бөбекжай әдіскер А.Әубекер жазғы сауықтыру мезгілінде жүргізілетін іс шаралар жоспарымен таныстырды. Атап айтқанда, балаларға арналған мультфильмдер көрсетілімі, спорттық эстафеталық ойындар, ертегі қойылымдары, патриоттық әндер байқауы, би фестивалі сияқты шаралар жоспарланғанын атап өтті.

**Шешім:**

1. Жазғы сауықтыру мезгіліндегі балалардың қауіпсіздігі ережелері таныстырылды.
2. Жазғы сауықтыру мезгіліндегі шынықтыру шаралары, өткізілен іс-шаралар жоспары өз деңгейінде жоспарланған деп есептелсін.
3. Бөбекжайда құрылған қамқоршылық кеңесінің атқарылған жұмыстарының есебін тыңдай келе, қанағаттанарлық деп есептелсін.

Кеңес төрағасы: Г.М.Айткалиева

Кеңес хатшысы: А.Н.Әубекер